

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) ережесіне өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасы 2000 жылғы 22 қыркүйек N 354. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2000 жылғы 9 қараша N 1279 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 4 шілдедегі N 200 қаулысымен.

Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 5 қарашадағы N 340 V001279_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) ережесіне өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Банктерді қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 5 қарашадағы N 340 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) ережесіне өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап екі апталық мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 5 қарашадағы N 340 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) ережесіне өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі

б а н к т е р г е

ж і б е р с і н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жанкелдинге жүктелсін.

Ұлттық Банк

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі басқармасының
2000 жылғы 22 қыркүйек N 354
қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының
1999 жылғы 5 қарашадағы N 340 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі жеке
тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық
кепілдік беру (сақтандыру) ережесіне
өзгерістер мен толықтырулар

1 . 2 - т а р м а қ т а ғ ы :

1) 2) тармақшадағы "Қорға жарна төлейтін" деген сөздер "жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) қайтару жөніндегі міндеттемелеріне осы Ережеге сәйкес кепілдік берілген" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3) тармақшадағы "жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) объектісі болып табылатын қатысушы банкте салымы (депозиті) бар" деген сөздер "қайтару жөніндегі міндеттемелеріне осы Ережеге сәйкес кепілдік берілген қатысушы банкте салымдары (депозиттері) бар жеке тұлға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) салымдар (депозиттер) бойынша өтеу үшін қатысушы банктер бұрын аударған міндетті күнтізбелік жарна сомасы, қордың активтерін және жарғылық капиталының бір бөлігін орналастырудан түскен инвестициялық кіріс жетіспеген жағдайда қатысушы банктер осы Ережеде белгіленген тәртіппен қорға аударатын а қ ш а с о м а с ы ; "

4) 6) тармақшадағы "тұрақты түрде (тоқсан сайын)" деген сөздер "тоқсан сайын" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Салымдар (депозиттер) бойынша өтем жасауға арналған резерв - Қордың жарғылық капиталы, міндетті күнтізбелік және қосымша жарналар, сондай-ақ Қордың активтерінен түсетін таза инвестициялық кіріс мөлшерінде осы Ережеге сәйкес құралатын және салымдар (депозиттер) бойынша өтем жасауға арналған а қ ш а с о м а с ы ; "

6) 9) тармақшадағы "Қор және қатысушы банктер құратын жүйе" деген сөздер "негізгі қызметі осы Ережеде белгіленген тәртіппен салымдар (депозиттер) бойынша төлемді өтеу болып табылатын Қор және қатысушы банктер құратын жүйе" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 10) тармақшадағы "салымдар (депозиттер) бойынша өтеу үшін Қор қарызға алған" деген сөздер "осы Ережеде белгіленген тәртіппен өтеу үшін Қор қарызға алған" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Ұлттық Банк) банк операцияларын жүргізуге берген лицензияларда жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік есепшоттарын ашу және жүргізу құқығына тікелей нұсқау болса, осы Ереженің талаптарына сәйкес жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіне жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) банктің өз капиталынан асатын мөлшерде қабылдауға құқығы бар банктер қатысады.

Қор Басқармасының шешімі бойынша жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіне жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) банктің өз капиталынан асатын мөлшерде қабылдауға құқығы жоқ банктер де қатыса алады".

3. 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қатысушы банк еріксіз таратылған жағдайда жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) объектісі қатысушы банктің мерзімді салымдарды (депозиттерді) (негізгі борыш сомасын және Ұлттық Банк Басқармасының қатысушы банктің лицензиясының күшін жою туралы қаулысы қабылданғанға дейін ол бойынша теңгемен, АҚШ долларымен және еуромен есептелген жеке тұлғалардың сыйақысын (мүддесін)) қайтару жөніндегі банктік салым шарттарымен немесе салым құжаттарымен расталған міндеттемелері болып табылады. Мынадай міндеттемелер бұған ж а т п а й д ы :

- ұсынушыға берілген салымдар (депозиттер);

- жеке тұлғалардың міндеттемелері бойынша олардың салымдары (депозиттері) - кепілдіктері;

- банк акцияларының 5 проценттен астамын иеленетін дауыс беру құқығы бар басшы қызметкерлер мен акционерлердің салымдары (депозиттері);

- сыйақы (мүдде) ставкасы банктік салым шарты жасалған күні 2 есе және одан көп салымдар (депозиттер): теңгемен - Ұлттық Банктің қайта қаржыландыруының ресми ставкасы, АҚШ долларымен және еуромен - LIBOR ставкасы (3-айлық) бойынша міндеттемелер".

4. 5-тармақтағы "салым (депозит) салынған қатысушы банкті ықтиярсыз

тарату туралы соттың шешімі күшіне енген күннен бастап" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н .

5. 12-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Ұлттық Банкпен ақпарат алмасу туралы келісім жасауға және осыған сәйкес қатысушы банктердің қаржылық жай-күйі және осы банктерде кепілдік берілген салымдардың (депозиттердің) жалпы сомасы туралы банктік құпия болатын мәліметтерден басқа мәліметтер алуға;" .

б . 13 - т а р м а қ т ы ң :

1) 2) тармақшасындағы "аудит ұйымы (аудитор) растаған" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

2) мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1) шетел валютасымен салымдар (депозиттер) бойынша өтем төлеу үшін, сондай-ақ шетел валютасымен алынған заемдарды өтеу үшін ішкі рынокта шетел валютасын сатып алуға құқығы бар" .

7. 14-тармақтың 7) тармақшасы "Басқарма бекітетін ішкі ережелерге сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын .

8. 15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлері өз міндеттерін атқару барысында қатысушы банктердің жұмысы туралы өздеріне мәлім болған барлық ақпаратты тек қызмет мақсатында ғана пайдалануға міндетті және алынған мәліметтерді жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ж а у а п б е р е д і " .

9 . 16 - т а р м а қ т ы ң :

1) 4) тармақшасы алынып тасталсын;

2) 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Еріксіз таратылған жағдайда Қор Басқармасы бекітетін нысандар бойынша мәліметтерді және қатысушы банктің жеке тұлғалардың салымдарға (депозиттерге) салған ақшасын қабылдауын растайтын банк куәландырған құжаттардың көшірмелерін, осы Ережеге сәйкес оларды қайтару бойынша кепілдік берілетін міндеттемелерді Қорға беруге;" .

10. 18-тармақтың бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Ереженің N 1 қосымшасына сәйкес ресімделетін қатысушының куәлігі банкке осы банкті жеке тұлғалардың міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіне енгізу туралы Қор Басқармасының шешімі қабылданған ж а ғ д а й д а б е р і л е д і " .

11. 19-тармақтың төртінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"қатысушы банк Ұлттық Банк белгілеген пруденциалдық нормативтерді және (немесе) сақталуға міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді, сондай-ақ осы Ережеде белгіленген талаптарды үнемі (соңғы он екі күнтізбелік ай ішінде үш

рет және одан да көп) бұзған болса".

12. 22-тармақтағы "жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінен" деген сөздер алынып тасталсын.

13. 24-тармақтағы "міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) объектісі болып табылатын салымдар (депозиттер)" деген сөздер "салымдар (депозиттер) және олар бойынша есептелген сыйақыны (мүддені) қайтару жөніндегі міндеттемелерге осы Ережеге сәйкес кепілдік берілетін" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н .

14. 25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Қор қатысушы банкке міндетті күнтізбелік жарна ставкасының өзгергені туралы Қор Басқармасы белгілеген мерзімде хабарлайды".

15. 26-тармақтың бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Ережеге сәйкес оларды қайтару жөнінде кепілдік берілетін міндеттемелер қатысушы банктер депозиттерінің жиынтық сомасына проценттік ара қатынасы ретінде белгіленетін қатысушы банкке қатысты оның қаржылық жағдайына байланысты міндетті күнтізбелік жарналарының ең көп жиынтық мөлшерін жеке белгілеуге құқылы, содан соң қатысушы банк міндетті күнтізбелік жарналарын төлеуді тоқтатады".

16. 27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Қатысушы банк міндетті күнтізбелік жарна сомасының есебін міндетті күнтізбелік жарна ставкасының абсолютті мәнін есеп берілетін тоқсаннан кейінгі айдың 1-і күнгі жағдай бойынша қайтару жөніндегі міндеттемелерге осы Ережеге сәйкес кепілдік берілетін салымдар (депозиттер) сомасын көбейту жолымен ш ы ғ а р ы п о т ы р а д ы " .

17. 30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Қатысушы банктердің қосымша және төтенше жарналар салу ставкалары мен мерзімін Қордың басқармасы қайтару жөніндегі міндеттемелерге осы Ережеге сәйкес кепілдік берілетін банктер тартқан салымдарға (депозиттерге) мөлшерлес е ті п белгілейді".

18. Мынадай мазмұндағы 30-1 тармақпен толықтырылсын:

"30-1. Қор активтерін орналастырудан түсетін таза инвестициялық кіріс салымдар (депозиттер) бойынша өтеу үшін резервке жатқызылады".

19. 31-тармақтағы "сақтандыруға жататын" деген сөздер "қайтару жөніндегі міндеттемелерге осы Ережеге сәйкес кепілдік берілетін" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н .

20. 33-тармақтағы: "жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) объектісі болып табылатын салымдары (депозиттері) бойынша мынадай мөлшерде өтем төлейді:

200 мың теңгеге дейінгі салымдар (депозиттер) бойынша - 100 %;
200 мың теңгеден 400 мың теңгеге дейінгі салымдар (депозиттер) бойынша -
200 мың теңге және 200 мың теңгеден асқан сомадан 80 %;
400 мың теңгеден 600 мың теңгеге дейінгі салымдар (депозиттер) бойынша -
200 мың теңге және 200 мың теңгеден 80 % және 400 мың теңгеден асқан
с о м а д а н 6 0 % ;

600 мың теңгеден 800 мың теңгеге дейінгі салымдар (депозиттер) бойынша -
200 мың теңге және 200 мың теңгеден 80 % және 200 мың теңгеден 60 % және
600 мың теңгеден асқан сомадан 40 %;

800 мың теңгеден 1 млн. теңгеге дейінгі салымдар (депозиттер) бойынша -
200 мың теңге және 200 мың теңгеден 80 % және 200 мың теңгеден 60 % және
200 мың теңгеден 40 % және 800 мың теңгеден асқан сомадан 20 %;

1 млн. теңгеден жоғары салымдар (депозиттер) бойынша - 200 мың теңге
және 200 мың теңгеден 80 % және 200 мың теңгеден 60 % және 200 мың
теңгеден 40 % және 200 мың теңгеден 20 % және 1 млн. теңгеден асқан сомадан
10 %" деген сөздер "салымдары (депозиттері) және қайтару жөніндегі
міндеттемелерге кепілдік берілген ол бойынша есептелген сыйақы (мүдде),
бойынша мынадай мөлшерде өтем төлейді:

200 мың теңгеге дейінгі салымдар (депозиттер) (негізгі борыш және
есептелген сыйақы (мүдде) бойынша - 100 %;

200 мың теңгеден 400 мың теңгеге дейінгі салымдар (депозиттер) (негізгі
борыш және есептелген сыйақы (мүдде) бойынша - 200 мың теңге және 200 мың
теңгеден асқан сомадан 80 %;

400 мың теңгеден 600 мың теңгеге дейінгі салымдар (депозиттер) (негізгі
борыш және есептелген сыйақы (мүдде) бойынша - 360 мың теңге және 400 мың
теңгеден асқан сомадан 60 %;

600 мың теңгеден 800 мың теңгеге дейінгі салымдар (депозиттер) (негізгі
борыш және есептелген сыйақы (мүдде) бойынша - 480 мың теңге және 600 мың
теңгеден асқан сомадан 40 %;

800 мың теңгеден 1 млн. теңгеге дейінгі салымдар (депозиттер) (негізгі
борыш және есептелген сыйақы (мүдде) бойынша - 560 мың теңге және 800 мың
теңгеден асқан сомадан 20 %;

1 млн. теңгеден жоғары салымдар (депозиттер) (негізгі борыш және
есептелген сыйақы (мүдде) бойынша - 600 мың теңге және 1 млн. теңгеден асқан
сомадан 10 %" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) соңғы бөлігі алынып тасталсын.

21. 34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Өтем салым салынған валютамен төленеді. Шет ел валютасымен өтем
мөлшері салым (депозит) салынған қатысушы банкті ықтиярсыз тарату туралы

соттың шешімі күшіне енген күні Ұлттық Банк кеден және салық төлемдерін есепке алу мақсатында белгілеген шет ел валютасының теңгеге шаққандағы ресми бағамы бойынша айқындалатын, осы Ереженің 33-тармағында көрсетілген өтем мөлшеріне сәйкес келеді".

22. 35-тармақтың бірінші бөлігі алынып тасталсын.

23. 39-тармақтағы "салымдар (депозиттер) бойынша өтеуге арналған резерв сомасын" деген сөздер "қажетті сомасын" деген сөздермен ауыстырылсын.

24. 41-тармақтың бірінші бөлігіндегі "агент-банк арқылы" деген сөздерден кейін "салымшымен Қор төлеген өтем бойынша талап ету құқығын беру туралы шарт жасасады және" деген сөздермен толықтырылсын.

25. 42-тармақтағы "салым құжаттарының түпнұсқасында және олардың көшірмелерінде салымшыға (депозиторға) төленген өтемнің сомасын көрсеткен Қордың агент-банкінің белгісі және салымшының (депозитордың) көрсетілген соманы алғандығын растайтын қолы қойылады да, аталған құжаттардың түпнұсқалары салымшыға (депозиторға) қайтарылады" деген сөздер "салым құжаттарының түпнұсқасында және олардың нотариат куәландырған көшірмелерінде салымшыға (депозиторға) төленген өтемнің сомасын көрсеткен Қордың агент-банкінің белгісі және салымшының (депозитордың) көрсетілген соманы алғандығын растайтын қолы қойылады. Аталған құжаттардың түпнұсқалары салымшыға (депозиторға) қайтарылады, ал агент-банк олардың нотариат куәландырған көшірмелерін және талап ету құқығын беру шартын Қорға береді" деген сөздермен ауыстырылсын.

26. 43-тармақтағы "көшірмелерін" деген сөзден кейін ", сондай-ақ талап ету құқығын беру туралы шарттарды" деген сөздермен толықтырылсын.

27. N 1 қосымшадағы "Жеке тұлғалардың осы банкке теңгемен, АҚШ долларымен және еуромен мерзімдік салымға салған ақшасы банк ықтиярсыз таратылған кезде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен өтелуі керек" деген сөздер "Аталған банк ықтиярсыз таратылған кезде оның теңгемен, АҚШ долларымен және еуромен салынған мерзімдік салымды (депозитті) қайтару жөніндегі міндеттемелеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен кепілдік беріледі" деген сөздермен ауыстырылсын.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Мамандар:

Омарбекова А.Т.
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК